- 10.8. Орындаушы, егер Тапсырыс беруші осы Шарттың бөлімінде көзделген міндеттемелерін қатарынан 180 (жүз сексен) күннен астам мерзімде бұзған жағдайда, Шартты біржақты тәртіппен бұзуға және осы Шартқа байланысты мәселелер бойынша, оның ішінде берешекті өндіріп алу мәселелері бойынша сотқа, нотариустарға және өзге де уәкілетті органдарға жүгінуге құқылы.
- 10.9. Орындаушы Шартты біржақты тәртіппен бұзған жағдайда, ол бұл туралы Тапсырыс берушіге Шартты бұзу болжанған күнінен кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада Шартты бұзудың себебі, жойылатын шарттық міндеттемелердің көлемі және Шартты бұзу күшіне енетін күн көрсетілуі тиіс.
- 10.10. Егер Шарт Орындаушының кінәсінен бұзылса, ол Тапсырыс берушіге осындай бұзушылық нәтижесінде келтірілген барлық залалдарды өтейді, сондай-ақ Шарттың Жалпы сомасының 10% (он пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді.

11. Хат-хабар алмасу

- 11.1. Егер Шарт талаптарына сәйкес қандай да бір хат-хабар жүргізу, хабарламалар, нұсқаулар, келісімдер, бекітулер, сертификаттар немесе қандай да бір шешімдер беру немесе ресімдеу қажет болса және өзгеше көзделмесе, мұндай хат-хабар жазбаша түрде, негізсіз бас тартусыз және кідіріссіз жүзеге асырылады.
- 11.2. Осы Шартқа сәйкес немесе оған байланысты жүргізілетін хат-хабарларға қатысты барлық құжаттарда Тараптардың деректемелері және Шарттың нөмірі көрсетілуі тиіс.
- 11.3. Осы Шарттың талаптарына сәйкес жазбаша түрде орындалуы тиіс кез келген хат-хабар, хабарлама, есеп, сұрау, талап, бекіту, келісім, нұсқау, тапсырыс, сертификат немесе өзге де хабарламалар алдын ала ұсынылуы тиіс және олар тікелей қолма-қол тапсырылуы немесе пошта арқылы хабарлама жіберілетін тапсырысты хатпен, факспен немесе электрондық пошта арқылы жіберілуі тиіс, кейіннен түпнұсқасы факсимильді/электронды нұсқасы алынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынылуы қажет.





11.4. Тапсырысты (авиа) хатпен жіберілген хабарлама, егер пошта бөлімшесінің немесе курьерлік қызметтің пошта жеткізілгенін растайтын мөрі болған жағдайда, жеткізілген болып есептеледі.

12. Төтенше жағдайлар (Форс-мажор жағдайлары)

12.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады, егер бұл форс-мажорлық жағдайлардың салдарынан орын алған болса, атап айтқанда: өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, ауа райының қолайсыздығы, әскери қимылдар, блокада, экспорт немесе импортты тыйым салу, мемлекеттік органдардың актілерін қабылдау және т.б., егер бұл жағдайлар Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелерін орындауына тікелей әсер етсе және Тараптар мұндай әсерлерге жол бермеу үшін барлық мүмкін шаралар мен әрекеттерді қолданған жағдайда. Ауа райының қолайсыздығы салдарынан туындаған форс-мажорлық жағдайлар «Қазгидромет» РМК берген анықтамалармен/мәліметтермен және Техникалық қадағалау берген жазбаша түсіндірмемен расталуы тиіс. Мұндай жағдайда Тараптар мұндай жағдайлар мен олардың салдары әрекет еткен мерзімге пропорционалды түрде жауапкершіліктен босатылады.

12.2. Форс-мажорлық жағдайлар туындаған жағдайда, міндеттемелерді орындау мүмкін болмаған Тарап мұндай жағдайлардың басталуынан бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде жазбаша түрде (хабарлама арқылы) екінші Тарапқа форс-мажордың болжалды қолданылу мерзімін және себептерін хабарлауы тиіс, сондай-ақ форс-мажор жағдайларының аяқталған күнінен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органмен берілген растайтын құжаттарды ұсынуы қажет.

12.3. Форс-мажорлық жағдайлар туындаған кезде Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі осындай жағдайлар мен олардың салдары әрекет еткен мерзімге сәйкес ұзартылуға жатады.

12.4. Мұндай жағдайларға сілтеме жасайтын Тарап олардың басталғаны туралы басқа Тарапты 25 (жиырма бес) күнтізбелік күн ішінде жазбаша түрде хабардар етуге және уәкілетті органмен берілген растайтын құжатты ұсынуға міндетті.

12.5. Жоғарыда аталған талаптар орындалмаған жағдайда, Тараптар ешбір жағдай форс-мажор ретінде қарастырылмайтыны және Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелері қандай да бір түрде алып тасталмайтыны немесе шектелмейтіні жөнінде келісті.

12.6. Форс-мажорлық жағдайлар аяқталғаннан кейін, мұндай жағдайлардың ықпалына ұшыраған Тарап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде жазбаша түрде осындай жағдайлардың тоқтағаны туралы хабарлама жіберуге және Шарт бойынша міндеттемелерді орындау болжамды мерзімін көрсетуге міндетті.

12.7. Егер форс-мажорлық жағдайлар Шарт талаптарын орындау мүмкіндігіне қауіп төндірсе, Тапсырыс беруші Мердігерге Жұмыстарды тоқтата тұру туралы хабарлама жібереді. Мердігер Жұмыстарды тоқтата тұру туралы хабарламаны алғаннан кейін қысқа мерзім ішінде объектіні консервациялауды қамтамасыз етеді. Тапсырыс беруші Мердігерге Жұмыстарды тоқтату күніне дейін орындалған Жұмыстар көлемінің құнын төлейді және Жұмыстарды орындау мерзімін форс-мажорлық жағдайлар әрекет еткен кезеңге ұзартады.

12.8. Егер форс-мажорлық жағдайлар 60 (алпыс) күнтізбелік күннен астам уақытқа созылса, мұндай жағдайларға сілтеме жасайтын Тарап Шартты мерзімінен бұрын бұзуға құқылы және бұл туралы екінші Тарапты хабардар етуі тиіс. Форс-мажорлық жағдайларға байланысты Шарт мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда Мердігер Шарт бұзылғанға дейін орындалған Жұмыстарды Тапсырыс берушіге тапсыруға міндетті. Тапсырыс беруші Мердігерге Шарт бұзылған күнге дейін нақты орындалған және құжат жүзінде расталған Жұмыстар көлемінің құнын төлеуге міндетті.

13. Дауларды шешу тәртібі

13.1. Тараптар арасында Шарт бойынша немесе оған байланысты туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктер міндетті түрде Тараптар арасындағы келіссөздер арқылы шешілуі тиіс.

13.2. Егер мұндай келіссөздердің нәтижесінде Тараптар Шарт бойынша дауды шеше алмаса, кез келген Тарап бұл мәселені қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешуді талап етуге құқылы:

талап сомасы 30 000 айлық есептік көрсеткіштен (АЕК) асқан жағдайда — Астана қаласының соттарында;

талап сомасы 30 000 АЕК-ке дейін немесе мүлктік емес сипаттағы талаптар бойынша — Тапсырыс берушінің орналасқан жері бойынша соттарда.

13.3. Осы Шартпен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі. Шартқа қолданылатын құқық — Қазақстан Республикасының құқығы.

14. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

14.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар мен олардың қызметкерлері қандай да бір тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражат немесе құндылықтарды бермейді, ұсынбайды және олардың берілуіне жол бермейді, бұл әрекеттер аталған тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал етуге және қандай да бір заңсыз артықшылықтар немесе өзге де заңсыз мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған болса.

14.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар мен олардың қызметкерлері осы Шартқа қолданылатын заңнамаға





сәйкес пара беру/алу, коммерциялық паракорлық ретінде танылатын әрекеттерді және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл жөніндегі қолданыстағы заңнаманың және халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттерді жасамайды.

14.3. Осы Шарттың әрбір Тарабы басқа Тараптың қызметкерлерін қандай да бір жолмен ынталандырудан бас тартады, соның ішінде ақшалай қаражат, сыйлықтар беру, тегін жұмыс (қызмет) көрсету және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке түсіретін өзге де тәсілдермен ынталандырудан бас тартады, бұл оның ынталандырушы Тараптың пайдасына қандай да бір әрекеттер жасауына әкелуі мүмкін.

14.4. Егер Тарап қандай да бір сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптардың бұзылғаны немесе бұзылуы мүмкін екендігіне күмәнданса, ол бұл туралы екінші Тарапты жазбаша түрде хабардар етуге міндеттенеді.

14.5. Мұндай жазбаша хабарламада Тарап фактілерге сілтеме жасауға немесе осы Шарттың ережелерін, контрагенттің немесе оның қызметкерлерінің әрекеттері арқылы орын алған немесе орын алуы мүмкін бұзушылықтарға қатысты заңнама талаптарын бұзуды дәлелдейтін немесе болжауға негіз беретін материалдарды ұсынуға міндетті. Мұндай әрекеттер қолданылатын заңнамаға сәйкес пара беру немесе алу, коммерциялық паракорлық, сондай-ақ қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы бұзу болып саналады.

14.6. Тараптар сыбайлас жемқорлықтың алдын алу рәсімдерін енгізу қажеттігін мойындайды және олардың орындалуын қадағалайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар орнату тәуекелдерін барынша азайту үшін орынды күш-жігерін салады, сондай-ақ бір-біріне сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында өзара көмек көрсетеді. Тараптар сыбайлас жемқорлыққа тартылу тәуекелдерінің алдын алу мақсатында тиісті тексеру және сәйкестік аудит рәсімдерін іске асыруды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

14.7. Тапсырыс беруші Орындаушыны «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатымен (бұдан әрі – Саясат) таныстырады. Шартты жасасу арқылы Орындаушы «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның Саясатымен танысқанын растайды. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын сақтауға және өз қызметкерлерінің де осы талаптарды сақтауын қамтамасыз етуге, сондай-ақ Шарттың мақсаттарына қолданылатын халықаралық актілер мен шет мемлекеттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасында көзделген сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға жол бермеуге міндеттенеді.

14.8. Осы Шарттың мақсаттарында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға мыналар жатады: қызметкердің Тараптардың заңды мүдделеріне қайшы келетін қызмет бабын теріс пайдалана отырып, ақша, құндылықтар, сыйлықтар, басқа да мүлкітік игіліктер немесе қызметтер, мүлкітік, физикалық немесе моральдық сипаттағы артықшылықтар алу мақсатында пара немесе коммерциялық паракорлық беру немесе алу түріндегі қасақана әрекеттері, сондай-ақ мұндай игіліктерді үшінші тұлғаларға заңсыз беру немесе осындай игіліктерді алу, бұл Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына сәйкес сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар болып танылады (бұдан әрі – Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар).

14.9. Егер Тарапта екінші Тарап қызметкер(лер)іне қатысты сыбайлас жемқорлық қылмысы үшін қылмыстық іс қозғалғаны немесе Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың орын алғаны туралы басқа да сенімді ақпарат алынғаны туралы негізді болжам болса, бұл Тарап жазбаша түрде екінші Тарапқа хабарлама жіберуге және Шарт бойынша өз міндеттемелерін аталған құқық бұзушылықтың болмағаны немесе орын алмайтыны туралы растау алғанға дейін орындамауға құқылы. Мұндай растау хабарламаны алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде екінші Тараппен ұсынылуы тиіс.

14.10. Егер Тапсырыс беруші Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық орын алғаны туралы сенімді ақпарат алса және осы баптың ережелерін сақтаса, ол Шартты біржақты тәртіппен толығымен немесе ішінара бұзуға және Шарттың бұзылуына байланысты келтірілген залалды өтеуді Орындаушыдан талап етуге құқылы.

14.11. Егер Шарттың екінші Тарабында Шарттың қандай да бір ережелерінің бұзылғаны немесе бұзылуы мүмкін екендігіне қатысты күмән туындаса, онда ол бұл туралы Қоғамды кез келген қолайлы тәсілмен, соның ішінде Тапсырыс берушінің корпоративтік веб-сайтында орналастырылған «сенім телефоны» арқылы дереу хабардар етуге міндетті.

15. Құпиялылық

15.1. Осы Шартқа қол қою арқылы Тараптар Шарттың мазмұны, сондай-ақ төлемге қатысты ақпарат құпия ақпарат болып табылмайтынын және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен ұйымдарының Веб-порталында және/немесе өзге де ақпараттық жүйелерінде үшінші тұлғалар үшін қолжетімді екендігін растайды.

Осы Шарт бойынша Тараптармен берілетін және/немесе пайдаланылатын өзге де құжаттар мен ақпараттар құпия болып табылады және Тараптар, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы мен Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз мұндай ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес.

Осы тармақтың екінші абзацы сот талқылауына жататын және Шарттың мәніне қатысты мәселелерді іс жүзінде шешу мүддесінде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы мұндай ақпаратты ашуды талап еткен немесе уәкілетті мемлекеттік органдардың талабы бойынша осындай ақпаратты ашу қажет болатын жағдайларға қолданылмайды.





15.2. Орындаушы Тапсырыс берушінің осы Шартқа қатысты ақпаратты, оның ішінде төлем деректемелері мен реквизиттері туралы ақпаратты «Самұрық-Қазына» АҚ-ға ашуға құқылы екендігімен келіседі. Бұл ақпарат Тапсырыс берушіге қызмет көрсететін банк-контрагенттер арқылы «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық-талдамалық жүйесіне талап етілетін байланыс арнасы хаттамаларын пайдалана отырып, қорғалған деректер арнасы арқылы жіберілетін үзінді көшірмелер түрінде жолдануы мүмкін.

15.3. Осы Шартқа сәйкес Тараптармен берілетін және/немесе пайдаланылатын барлық құжаттама мен ақпарат құпия болып табылады және Тараптар, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз бұл ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес.

15.4. Осы бөлім сот талқылауына жататын және Шарттың мәніне қатысты мәселелерді іс жүзінде шешу мүддесінде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы мұндай ақпаратты ашуды талап еткен немесе уәкілетті мемлекеттік органдардың талабы бойынша осындай ақпаратты ашу қажет болатын жағдайларға қолданылмайды.

15.5. Әрбір Тарап Шарт жасасу кезінде және Шарттан туындайтын міндеттемелерді орындау барысында қол жеткізген екінші Тараптың құпия ақпаратын ешбір жолмен жария етпеуге (үшінші тұлғаларға қолжетімді етпеуге), мұндай ақпаратты үшінші тұлғаларға тек тікелей нормативтік құқықтық актінің негізінде уәкілеттігі бар жағдайда немесе екінші Тарап мұндай ақпаратты беруге жазбаша келісім берген жағдайда ғана беруге міндеттенеді. Бұл міндеттеме Шарттың қолданылу мерзімі ішінде және Шарттың күшін жоюынан кейінгі 5 (бес) жыл бойы Тараптармен орындалуға жатады, егер өзгеше көзделмесе.

15.6. Әрбір Тарап екінші Тараптың құпия ақпаратын алу/жөнелту, өңдеу үшін жауапты тұлғаны тағайындауға және Шартқа қол қойылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде екінші Тарапқа осы тұлғаның электрондық пошта мекенжайын жолдауға міндеттенеді. Тараптар мен олардың жауапты тұлғалары екінші Тараптың құпия ақпаратын және өздерінің екінші Тарапқа жіберілетін құпия ақпаратын қорғау үшін электрондық тасымалдағыштарда құжаттарға пароль қою, қағаз тасымалдағыштардағы құжаттарға арнайы іс жүргізу енгізу сияқты шараларды қолдануға міндетті.

15.7. Әрбір Тарап құпия ақпаратты жария ету нәтижесінде екінші Тарапқа келтірілген барлық залалды толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

16. Санкциялық ескерту

16.1. Тараптар осы Шартқа Орындаушының кепілдіктері негізінде және осы кепілдіктердің дұрыстығына адал сеніммен сүйене отырып қол қояды. Орындаушы мынадай кепілдік береді:

(а) Орындаушының өзі де, оның аффилирленген тұлғалары да, Орындаушының барлық акционерлері де Еуропалық Одақтың және (немесе) Ұлыбританияның санкциялық тізіміне және (немесе) АҚШ Қаржы министрлігіне қарасты Шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control, OFAC) әкімшілік ететін SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – Арнайы белгіленген тұлғалар мен бұғатталған тұлғалар тізімі), CAPTA (Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік немесе төлем шоттары бойынша санкциялар қолданылатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге жатпайтын санкциялар тізімі) тізімдеріне және экстерриториялық әрекет ететін кез келген өзге санкциялық тізімдерге енгізілмеген;

(б) Орындаушы осы Шартты жасасу және/немесе орындау арқылы жоғарыда аталған (а) тармақта көрсетілген санкцияларды бұзбайды;

(с) Орындаушы осы Шарт бойынша өз міндеттемесін орындауы тиіс күнге және оны нақты орындау күніне дейінгі аралықта, төлемдерді жүзеге асыру үшін пайдаланылатын Орындаушының (оның ішінде жеке және корреспонденттік) шоттары ЕО-ның санкцияларына сәйкес активтері бұғатталған тұлғалар, топтар және ұйымдар тізіміне (Consolidated List), Ұлыбританияның Қаржылық санкциялар офисінің тізіміне (Consolidated List of the Office of Financial Sanctions Implementation), сондай-ақ SDN, CAPTA, NS-MBS тізімдеріне енгізілген банктерде немесе қаржы мекемелерінде орналастырылмаған;

(д) Осы Шартқа Орындаушы атынан қол қоятын тұлға (тұлғалар) Еуропалық Одақтың және (немесе) Ұлыбританияның санкциялық тізіміне, сондай-ақ SDN, CAPTA, NS-MBS және экстерриториялық сипаттағы кез келген басқа да санкциялық тізімдерге енгізілмеген.

16.2. Егер Орындаушы берген кез келген кепілдік жалған, шындыққа сай емес және (немесе) дәл емес болып шықса, Орындаушы басқа Тарапқа осындай кепілдіктің жалған немесе дәл еместігі салдарынан немесе онымен байланысты туындаған тікелей және (немесе) жанама шығындарды өтеуге міндетті. Өтеу талап алынған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жүргізілуі тиіс. Бұл ретте, Тапсырыс беруші Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

16.3. Егер Шарт жасалған күннен кейін кез келген жаңа санкциялық акт қабылданса немесе қолданыстағы санкциялық актілерге өзгерістер енгізілсе немесе уәкілетті мемлекеттік органның ресми түсіндірмесіне/шешіміне байланысты олардың қолданылу ауқымы кеңейтілсе («Жаңа санкциялар»), және егер мұндай Жаңа санкциялар:

(а) Тараптардың негізді және ақылға қонымды пікірі бойынша екінші Тарапқа өз міндеттемелерін орындауды мүмкін емес немесе күрделі етеді; және (немесе)

(б) Қаржыландыру көздеріне ұзақмерзімді қолжетімділікті жоғалту немесе Тарап үшін тікелей және/немесе жанама шығындарға әкеп соғады; және (немесе)

(с) Өнім/қызмет жеткізілімін тоқтатуға немесе бұзуға себеп болады;





(д) Жаңа санкцияларға байланысты тараптардың маңызды несиелік келісімдеріндегі міндеттемелерін (ковенанттарын) бұзу немесе оларды орындаудың мүмкін еместігіне әкеледі; және (немесе)

(е) Тараптың кредиттік рейтингі төмендесе немесе бұл рейтинг агенттігінің жазбаша қорытындысы негізінде төмендеу ықтималдығы бар болса (бірлесіп – «Жаңа санкциялардың салдары»), осындай Тарап 2 (екі) күн ішінде екінші Тарапқа ресми растайтын құжаттарды қоса тіркей отырып, жазбаша түрде хабарлауға міндетті («Санкцияларға қатысты хабарлама»).

16.4. Санкцияларға қатысты хабарлама ұсынылған күннен бастап 2 (екі) күннен кешіктірмей Тараптар кездесіп, Жаңа санкциялардың осы Шарт бойынша өзара міндеттемелерін орындауға ықтимал әсерін талқылау мақсатында адал ниеттегі келіссөздер жүргізеді, сондай-ақ осы санкциялардың теріс әсерін болдырмауға немесе азайтуға бағытталған ықтимал заңды және орынды шараларды (Шартқа өзгерістер енгізу, уәкілетті органнан рұқсат/лицензия алу және т.б.) келіседі («Адал келіссөздер»).

16.5. Егер Адал келіссөздер нәтижесінде Тараптар өзара қолайлы шешімге келсе, олар келісілген шараларды 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде немесе өзара келісілген өзге мерзімде жүзеге асыру үшін ақылға қонымды әрекеттер жасайды.

16.6. Егер Адал келіссөздер басталған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде келісімге қол жеткізілмесе, кез келген Тарап Жаңа санкциялар қолданылған немесе соған ұшыраған Тарапқа «Келісімге қол жеткізілмегені туралы хабарлама» жолдауға құқылы. Мұндай хабарлама жіберілген жағдайда, Тарап Шартты біржақты тәртіппен бұзуға және келтірілген тікелей және/немесе жанама шығындарды өтеуді талап етуге құқылы.

17. БАСҚА ШАРТТАР

17.1. Шарт 4 (төрт) данада, яғни әр Тарапқа 2 (екі) данадан, қазақ және орыс тілдерінде тең заңды күші бар нұсқалар түрінде жасалды. Шартқа қатысты Тараптар алмасатын барлық хат-хабарлар мен өзге де құжаттар осы талаптарға сәйкес болуы тиіс. Егер қазақ және орыс тіліндегі нұсқаларында айырмашылықтар болса, Тараптар Шарттың орыс тіліндегі нұсқасының ережелерін басшылыққа алуға міндеттенеді.

17.2. Осы Шартқа енгізілетін барлық қосымшалар, өзгерістер мен толықтырулар жазбаша түрде жасалып, Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған жағдайда Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

17.3. Орындаушы осы Шартқа қол қою арқылы:

Тапсырыс беруші факторинг шарты бойынша қаржы агентіне берілген ақшалай талап сомасын төлеген жағдайда, Орындаушының Тапсырыс берушіге қандай да бір шағымдары мен (немесе) талаптары болмайтынын растайды;

Факторинг шарты бойынша берілген ақшалай талап сомасынан Шарттың 9.16.-тармағында көрсетілген айыппұл сомасын ұстап қалуға келісім береді;

Факторинг шартын қандай да бір себептермен, Тапсырыс беруші берілген ақшалай талап сомасын төлегенге дейін бұзу Орындаушыны Шарттың 9.16.-тармағында көзделген айыппұл төлеу міндеттемесінен босатпайтынын кепілдейді.

17.4. Осы Шартта қарастырылмаған жағдайлар «Тәртіппен» және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

17.5. Шарттың қандай да бір бөлігінің (бөлім, тармақ, тармақша) жарамсыздығы Шарттың толықтай жарамсыздығына негіз болып табылмайды.

17.6. Тараптардың осы Шарт бойынша құқықтары мен міндеттемелері екінші Тараптың жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға берілмеуге тиіс.

17.7. Орындаушы растайды және кепілдік береді, что:

Қызметтер Қазақстан Республикасының заңнамасына және жобалық-сметалық құжаттамаға (ЖСК) сәйкес көрсетіледі;

Тапсырыс беруші алдындағы Шарт және Тараптардың өзге де құқықтық қатынастары бойынша барлық міндеттемелер бірінші кезекте орындалады;

Егер Шарттың жалпы құны Тапсырыс берушінің кінәсінен емес себептер бойынша Қызметтерді толық және тиісінше көрсетуге жеткіліксіз болса, Орындаушы Шарт талаптарына сәйкес Қызметтерді қосымша шығындарды Шарттың жалпы құнына қоспай және Тапсырыс берушіден мұндай шығындарды талап етпей толық көлемде көрсетуге кепілдік береді;

Барлық жеке және заңды тұлғалар, мемлекеттік және уәкілетті органдар алдында Жұмыстарды орындау кезеңінде және оның шеңберінде жеке өзі жауап береді;





Егер Тапсырыс берушіге үшінші тұлғалар тарапынан патенттік, авторлық немесе сабақтас құқықтарды бұзуға байланысты, Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде туындаған талаптар қойылса, Орындаушы барлық талаптарды өз мойнына алып, Тапсырыс берушіге келтірілген залалды өтейді және мұндай талаптарды реттеу және қажет болған жағдайда қанағаттандыру жөнінде дереу шаралар қабылдайды;

Орындаушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелген кәсіпкерлік субъектісі болып табылады, өзіне тиесілі жеке мүлкі бар, осы мүлікпен өз міндеттемелері бойынша жауап береді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз қызметін жүзеге асыру үшін қажетті барлық лицензиялар мен рұқсаттарға ие;

Орындаушы Тапсырыс берушіге ұсынған барлық ақпарат шынайы болып табылады және оны Тапсырыс беруші тарапынан міндетті түрде қайта тексеру талап етілмейді;

Орындаушыда Жұмыстарды орындауға және Шартты орындауға кедергі келтіретін қарыздар мен міндеттемелер жоқ;

Орындаушының ұйымдық-құқықтық нысанын өзгертуі немесе сенімгерлік басқаруға беруі Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылмайды;

Шарт жасасу сәтінде Шартты бұзуға, оны орындаудың мүмкін еместігіне немесе жарамсыз деп тануға себеп бола алатын негіздер жоқ;

Орындаушы осы Шарттың барлық шарттары мен құқықтық салдары оған түсінікті және айқын екенін растайды. Шартта көзделген ережелерді бұзған жағдайда Орындаушы Шарттың ережелерінің түсініксіздігіне немесе оны жасасу сәтінде өзіне белгісіз болған мән-жайларға сілтеме жасай отырып, қандай да бір талаптар немесе наразылықтар қоюға құқылы емес;

Орындаушы осы тармақта көрсетілген барлық растаулар мен кепілдіктердің шынайы және дұрыс екенін растайды, және Тапсырыс беруші олардың дұрыстығын тексеруге міндетті емес.

18. Шот-фактураның деректемелері

18.1. Тапсырыс беруші (алушы) - "Қазақстан темір жолы "ұлттық компаниясы" Акционерлік қоғамы мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Д. А. Қонаев көшесі, 6 БСН 020 540 003 431 ЖСК KZ 376010111000018002 "Қазақстан Халық Банкі" АҚ Астана өңірлік филиалында БСК HSBKKZKX БСН 950 341 000052 Кбе 16.

18.2. Жүк алушы - "Қазақстан темір жолы "ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының - "Вокзал шаруашылығын жаңғырту дирекциясы" филиалы, мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Қонаев көшесі, 10 үй, телефон: +7 (7172) 60-46-97 ЖСК KZ41601A871046562411 "Қазақстан Халық банкі" АҚ БСН 250441010403 БСК HSBKKZKX Кбе 16.

19. Тараптардың заңды мекенжайлары және банк деректемелері

"Қазақстан темір жолы" Ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы
Астана қ., Қонаев, 10
БСН 020540003431
БСК HSBKKZKX
ЖСК KZ376010111000018002
АО "Народный Банк Казахстана"
Тел.: +7 (701) 550-0022
"КТЖ" ҰК" АҚ - "Вокзал шаруашылығын жаңғырту дирекциясы" филиалының директоры ИМАН ДУЛАТ БЕКЕТОВИЧ

"Архи Просто" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
город Астана, район Нұра, улица Сығанақ, дом 17Б, н.п. 124
БСН 020940004563
БСК KСJBKZKX
ЖСК KZ828562203116580277
"Банк ЦентрКредит" АҚ
Тел.: +7 (771) 124-0525
Директор Смагулов Дастан Жармағалиевич

24.10.2025 15:14:42

24.10.2025 16:07:22





№1 қосымша

№1159234/2025/1 от 24.10.2025 жылғыкелісім-шарт үшін

Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің тізімі

ЖП тармағының №	Атауы және қысқа сипаттамасы	Қосымша сипаттамасы	Жалпы саны	Жыл	Саны	Өлшем бірлігі	ҚР ҚҚС белгісі	Сомасы	Қорытынды сома	Жеткізу орны	Жеткізу шарттары	Жеткізу мерзімі	Төлем шарттары
156 У	Авторлық қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі қызметтер	Авторлық қадағалау бойынша қызметтер	1.000	2025	1.000	-	Иә	12 301 676.8	30 754 192	КАЗАХСТА Н, Мангистауск ая область, Мунайлинск ий район, Мангистауск ий с.о., с.Мангистау, Мангистауск ая область, ст. Мангыстау	-	Шартқа қол қойылған күннен бастап (қоса алғанда) 31.12.2026 дейін.	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 90%, Соңғы төлем - 10%
			1.000	2026	1.000	-	Иә	18 452 515.2					



ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМА

1159234 сатып алу бойынша
Бір көзден тәсілімен

Лот № 1 (156 У, 4204816)

Тапсырыс беруші: "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының "Вокзал шаруашылығын жаңғырту дирекциясы" филиалы

Орындаушы: "Архи Просто" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

1. ТЖҚ қысқаша сипаттамасы

Атауы	Мәні
Жол нөмірі	156 У
Атауы және қысқаша сипаттамасы	Авторлық қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі қызметтер
Қосымша сипаттама	Авторлық қадағалау бойынша қызметтер
Саны	1.000
Өлшем бірлігі	-
Жеткізу орны	ҚАЗАҚСТАН, Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Маңғыстау с.о., Маңғыстау с., Мангистауская область, ст. Мангыстау
Жеткізу шарттары	-
Жеткізу мерзімі	Шартқа қол қойылған күннен бастап (қоса алғанда) 31.12.2026 дейін.
Төлем шарттары	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 90%, Соңғы төлем - 10%

2. Сипаттамасы және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары

Авторлық қадағалау бойынша инженерингтік қызметтер Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі № 242-ІІ «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 3 ақпандағы № 71 бұйрығымен бекітілген сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы инженерингтік қызметтер көрсету қағидаларына, сондай-ақ ҚР ҚН 1.03-00-2022 «Құрылыс өндірісі. Кәсіпорындар, ғимараттар мен имараттарды салуды ұйымдастыру» құжатына сәйкес жүзеге асырылады.

Авторлық қадағалау бойынша инженерингтік қызметтер шеңберінде орындаушы міндетті:

- бас мердігер мен оның қосалқы мердігерлері орындайтын құрылыс-монтаж және жол-құрылыс жұмыстарының жобалық-сметалық құжаттамаға толық сәйкестігін қамтамасыз етуге;
- орындалатын құрылыс-монтаж жұмыстарының жобалық шешімдерге, құрылыс нормалары мен ережелеріне, стандарттарға, техникалық шарттарға және өзге де нормативтік құжаттарға сәйкестігін бақылауға;
- жобалық құжаттамада анықталған ақауларды жою бойынша уақтылы шаралар қабылдауды, қажет болған жағдайда оны қайта қарауды және құрылыс құнын негізсіз арттыруға жол бермеуді қамтамасыз етуге;
- дайындық дәрежесіне қарай бас мердігер және мамандандырылған (монтаждық) ұйымдар өкілдерінің қатысуымен ғимараттар мен имараттардың жауапты конструкцияларын, резервуарларды, металл және темірбетон көтергіш конструкцияларды аралық қабылдауды жүзеге асыруға;
- құрылыс-монтаж ұйымдарының авторлық қадағалау және мемлекеттік құрылыс бақылау органдарының нұсқамалары мен талаптарын, сондай-ақ тапсырысшының техникалық қадағалау талаптарын орындауын, орындалған жұмыстардың сапасы мен пайдаланылатын материалдардың, бұйымдардың және жабдықтардың сәйкестігін бақылауға, анықталған ақаулар мен кемшіліктердің уақтылы жойылуын қамтамасыз етуге;

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-ІІ «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе



- жекелеген конструкциялар мен тораптардың, құрылыс-монтаж жұмыстарының түрлерінің, жабдықтар мен механизмдердің сапасын тексеруге қатысуға;
- шартты іске асыруға қатысты туындаған немесе туындауы мүмкін мәселелер туралы тапсырысшыны хабардар етуге, анықталған жобалық-сметалық құжаттама кемшіліктері мен ақаулар бойынша ұсынымдар беруге;
- бас мердігер құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізу кезінде мемлекеттік стандарттарға, техникалық шарттарға және жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес келмейтін конструкцияларды, бөлшектерді, материалдарды және жабдықтарды қолдануына тыйым салуға және бұл туралы тапсырысшыны жазбаша түрде хабардар етуге;
- авторлық қадағалауды шартқа, авторлық қадағалау бойынша күнтізбелік жоспар-графикке және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асыруға;
- объектіде аптасына кемінде төрт рет болуға (апта күндері тапсырысшымен келісім бойынша белгіленеді), сондай-ақ тапсырысшының шақыруы бойынша кез келген уақытта объектіге келуге;
- авторлық қадағалау журналының екі данасын жүргізуге, оның бір данасын қолхат арқылы тапсырысшыға тапсыруға, ал екінші данасында жазбаларды қайталап енгізіп, тиімді бақылауды қамтамасыз етуге;
- құрылыс-монтаж жұмыстарының кестесінің бұзылуына жол бермеу үшін жобалық-сметалық құжаттаманың тиісті бөліміне толықтырулар мен өзгерістерді белгіленген тәртіппен уақтылы енгізуге, құрылыс барысында жобалық-сметалық құжаттамадан ауытқулар мен құрылыс нормалары мен ережелерін бұзушылықтарды, олардың жою мерзімдерін авторлық қадағалау журналында тіркеуге, конструкциялар, материалдар және жабдықтар бойынша паспорттар (сертификаттар) мен басқа техникалық құжаттаманың стандарттарға және жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкестігін тексеруге;
- ақауларды жою жөніндегі нұсқамалардың уақтылы немесе сапасыз орындалуы кезінде ақауларды жою қажеттілігі туралы қайталама жазба енгізуге және бұл туралы тапсырысшыны жазбаша түрде хабардар етуге;
- құрылыс барысында туындаған жобалық-сметалық құжаттамаға қатысты мәселелерді тапсырысшымен бірлесе отырып уақтылы шешуге;
- тапсырысшының талабы бойынша бас мердігер орындаған жекелеген аяқталған құрылыс-монтаж жұмыстарының түрлерін қабылдау және сынақтар өткізуге қатысуға. Сынақ және пайдалануға қабылдау актілерінің тізбесі тапсырысшымен келісілетін болады;
- тапсырысшының техникалық қадағалауымен бірлесіп (қолданыстағы заңнамада көзделген тәртіппен) жауапты конструкцияларды қабылдауға, сондай-ақ кейінгі жұмыстармен жабылатын негізгі құрылыс-монтаж жұмыстарының түрлерін куәландыру актілерін жасауға қатысуға;
- орындалған жұмыстардың көлемдері мен олардың құнын бекітілген жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес тексеруге, сондай-ақ аралық төлем немесе түпкілікті есеп айырысу кезінде фактілік орындалған жұмыстар актілерін бекітуге және бұл актілерде көрсетілген мәліметтердің дұрыстығы үшін заңнамаға сәйкес толық жауапкершілік көтеруге;
- құрылыс объектісі аяқталған соң орындалған жұмыстардың жобаға сәйкестігі туралы қорытындыны тапсырысшыға беруге;
- аяқталған объектіні пайдалануға қабылдау рәсіміне қатысуға;
- авторлық қадағалау кінәсінен еңбек қауіпсіздігі ережелерін бұзу, соның ішінде авторлық қадағалау қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығына зиян келтіруге әкеп соққан жағдайлар үшін жауапкершілік атқарушыға жүктеледі;
- қызметтер аяқталғаннан кейін авторлық қадағалау бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес барлық қажетті және талап етілетін құжаттаманы тапсырысшыға өткізуге.



Шарттың №3

қосымшасы №1159234/2025/1 от 24.10.2025 жылғы

Шарттың №3

қосымшасы №1159234/2025/1 от 24.10.2025 жылғыҚызметтерді көрсету/жұмыстарды орындау жөнінде шартта елішілік құндылық үлесін болжамды/нақты есептеу

жылғы №

№ р/с	Жеткізуші*	ТЖҚ БНА коды *	Сатып алынған тауарлардың атауы және қысқаша сипаттамасы	МӨБЖ сәйкес өлшем бірліктерінің коды	Сатып алу көлемі		СТ-KZ сертификаты						Тауар шығарылған елдің коды	внутристрановая ценность в товаре, в тенге	внутристрановая ценность в договоре, %
					в единице измерения по ст.5	акпалай мәнде	№	Серия	Берген органның коды	Берілген жылы	Берілген күні	Елішілік құндылық үлесі			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15 (7*13/100%)	16 (Σ15/Σ7*100%)
														0,00	x
						0,00								0,00	0,00%

Ескерту:

3. Бірыңғай номенклатуралық анықтамалығы бойынша тауардың коды (ТЖҚ БНА). Келесі мекенжайы бойынша қолжетімді: <http://www.enstru.skz.kz/>

8. СТ-KZ сертификатының нөмірі. Мысал: 01214.

9. СТ-KZ сертификатының сериясы.

10. СТ-KZ сертификатын берген органның коды. Мысал: 650.

11. СТ-KZ сертификатының берілген жылы. Мысал: егер 2017 жыл, 7 саны көрсетіледі.

12. СТ-KZ сертификатының берілген күні. Мысал: 09.06.2017.

13. СТ-KZ сертификатында көрсетілген тауарда елішілік құндылық үлесі (%). Сертификат жоқ болса, 0 тең

14. Елдердің жіктеуішіне сәйкес тауардың шыққан елінің коды.

Елішілік құндылық үлесі ұйымдармен Инвестициялар және даму министрінің 20.04.2018 ж. №260 бұйрығымен бекітілген Бірыңғай есептеу әдістемесіне сәйкес есептеледі.



4962890599

Келісім-шарт шеңберінде көрсетілген қызметтер/орындалған жұмыстар

№ р/с	Орындаушы/Суб мердігер	Келісім -шарт нөмірі	Келісім- шарттың құны	Келісім-шарт шеңберінде орындаушы немесе субмердігер сатып алатын/сатып алған тауарлардың жиынтық құны	Келісім-шартты орындау шеңберінде жасалатын/жасалатын субмердігерлік келісім-шарттардың жиынтық құны	Келісім-шартты орындайтын/орындаған жеткізушінің немесе субмердігердің қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің жалпы қорындағы қазақстандық кадрларға еңбекақы төлеу қорының үлесі	Шарттағы елішілік құндылық үлесі, (ақша қаражат түрінде)
1	2	3	4	5(1-ші кестеден)	6	7	8(=(4-5-6)*7)
							0,00
							0,00

Келісім-шарттағы елішілік құндылықты қорытынды есебі

№ р/с	Орындаушы	Келісім-шарт	Келісім-шарт күні	Келісім-шарт валютасы	Жұмыстарды (қызметтерді) сатып алу жөнінде шарттың жалпы бағасы	внутристрановая ценность в договоре, %
1	2	3	4	5	6	7 (= $\sum 15(\text{табл.1}) + \sum 8(\text{табл.2}) / 6 * 100\%$)
						100

Ескерту:

елішілік құндылық үлесі ұйымдармен Инвестициялар және даму министрінің 20.04.2018 ж. №260 бұйрығымен бекітілген Бірыңғай есептеу әдістемесіне сәйкес есептеледі.

Қол қоюшылар:

ИМАН ДУЛАТ БЕКЕТОВИЧ, Директор филиала АО "НК "ҚТЖ" - "Дирекция по модернизации вокзального хозяйства"

Жуманбаев Жанбек Муратбекович, Директор департамента проектирования филиала АО "НК "ҚТЖ" - "Дирекция по модернизации вокзального хозяйства"



Жикенова Назимгуль Айткалиевна, Главный менеджер группы по экономике и финансам филиала АО "НК "ҚТЖ" - "Дирекция по модернизации вокзального хозяйства"

Сыздыков Дарын Ерболатович, Главный менеджер - руководитель группы по правовому обеспечению

Смагулов Дастан Жармағалиевич, Директор

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе





Договор о закупке услуг №1159234/2025/1

24.10.2025 г.

Акционерное общество "Национальная компания "Қазақстан темір жолы", именуемое в дальнейшем Заказчик, в лице Директор филиала АО "НК "ҚТЖ" - "Дирекция по модернизации вокзального хозяйства" ИМАН ДУЛАТ БЕКЕТОВИЧ, действующего на основании Доверенность от 08.08.2025 года №167-АОД, с одной стороны, и Товарищество с ограниченной ответственностью "Архи Просто" именуемое в дальнейшем Орындаушы, в лице Директор Смагулов Дастан Жармағалиевич, действующего на основании Устав, с другой стороны, совместно именуемые «Стороны», а по отдельности как указано выше «Сторона», в соответствии с Порядком осуществления закупок акционерного общества «Фонд национального благосостояния «Самрук-Қазына» и организаций пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия) которых прямо или косвенно принадлежат АО «Самрук-Қазына» на праве собственности или доверительного управления, утвержденным решением Совета директоров АО «Самрук-Қазына» (№193 от «03» марта 2022 года) (далее – Порядок), и на основании Решение о закупке из одного источника № 1159234, заключили настоящий договор о закупках услуги (далее – Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем.

1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

1.1. Заказчик поручает, а Исполнитель принимает на себя обязанность по осуществлению авторского надзора (далее – Услуги) по объекту: железнодорожный вокзал станции «Мангыстау», расположенной в Мангыстауской области Республики Казахстан (далее – Объект).

1.2. Требования к ведению авторского надзора определяются Договором, законодательством и СНиП. Авторский надзор – визуальный осмотр на соответствие выполненных строительных работ проектно-сметной документации (далее – ПСД).

1.3. Перечисленные ниже документы и условия, оговоренные в них, образуют данный Договор и считаются его неотъемлемой частью, а именно:

- 1.3.1. Перечень приобретаемых услуг (Приложение №1 к Договору);
- 1.3.2. Техническая спецификация (Приложение №2 к Договору);
- 1.3.3. Форма отчетности по внутристрановой ценности (Приложение №3 к Договору);
- 1.3.4. Формы обеспечения возврата авансового платежа/исполнения Договора (Приложение №4 к Договору);
- 1.3.5. Форма ведомости договорной цены (Приложение №5 к Договору);
- 1.3.6. Перечень нарушений требований производственной безопасности при выполнении работ Подрядчиком на объектах Заказчика (Приложение №6 к Договору).

2. ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ СТОРОН

2.1. Заказчик обязан:

- 2.1.1. В соответствии с условиями Договора производить оплату Услуг по осуществлению Авторского надзора.
- 2.1.2. Обеспечить беспрепятственный доступ уполномоченным лицам и специалистам Исполнителя к Объекту для исполнения обязательств по Договору.
- 2.1.3. Своевременно предоставить Исполнителю всю исходную информацию, необходимую для надлежащего исполнения Договора.
- 2.1.4. Заказчик обязан удержать штраф, указанный в пункте 2.3.48 Договора (в разделе «ответственность», штраф 30% за нарушение обязанности не уступать денежное требование) из суммы уступленного денежного требования за нарушение Исполнителем обязанности, предусмотренной пунктом 9.16 Договора.

2.2. Заказчик имеет право

- 2.2.1. По своему усмотрению проверять ход и качество оказываемых Услуг Исполнителя, не вмешиваясь в его деятельность;
- 2.2.2. Требовать замены специалиста, назначенного для оказания Услуг по Договору, квалификация, профессиональный уровень которого, не соответствует требованиям Заказчика, а также, если данный специалист нарушает этику поведения при оказании Услуг. При этом, уровень квалификации и профессионализма, а также нарушение этики поведения определяет и устанавливает комиссия, состоящая из представителей Заказчика, Исполнителя и подрядчика/подрядчиков;
- 2.2.3. Требовать от Исполнителя и получать в срок не более 3 (трех) рабочих дней, информацию о ходе оказания Услуг либо информацию, связанную с Услугами;
- 2.2.4. В любое время в одностороннем внесудебном порядке расторгнуть Договор путем отказа от его исполнения направив соответствующее уведомление Исполнителю, выплатив Исполнителю вознаграждение за фактически оказанные последним и принятые Заказчиком на дату расторжения Договора Услуги.
- 2.2.5. Заказчик вправе запрашивать соответствующую информацию и документы у Исполнителя касательно Договора факторинга.
